

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Хаттама № 2

Қатысушылар: Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімдер ұжымы.

Саны 22

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2 отырысы

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің төрайымы Г.Садвокасова сөз алды -Құрметті әрептестер педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ заңының 5 бабында көрсетілген педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік жеке адамның ар-намысымен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаларына негізделгендігі баршаңызға мәлім. Көп ретте педагогтардың әлеуметтік желіде жеке фото суреттерімен бейнелерді көпшілік алдында жариялауы (WhatsApp желілерінде, Instagram т.б.) этикалық нормаларды сақтауға дұрыс жолға қойылуы тиіс. Тойлардағы түрлі қылықтағы билер, түрлі дау-дамайларды жариялауға жол берілмейтіндігін назарда ұстаған жөн-деп айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша, кеңес мүшесі, зейнеттегі педагог В.М.Таханова сөз алды. Аталған заңның 15 бабында көрсетілген «Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасы мен немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге» міндетті. Әрбір педагог өзінің кәсіби іс-әрекетінде педагогикалық әдепті және сөйлеу мәдениетін сақтауы абзал. Балаларға және үлкендерге қатысты қарым-қатынас барысында сөйлеу мәдениетін дұрыс сақтауын назарда ұстауы тиіс. Себебі ауылдағы интеллегенция өкілі осы мұғалім. Әрбір педагогты осы заңда көрсетілген барлық 21 бапты түсініп оқуға шақырамын-деп айтып өтті.

Шешімі:

1. Әлеуметтік желілерді дұрыс мақсатта қолдануды назарда ұстау. Педагогтардың жеке фото суреттер мен бейнелерді жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтауы тиіс екендігі ескерілсін.
2. Педагогтардың педагогикалық әдепті сақтауы, балалар мен ата-аналар және басқалармен қарым-қатынас жасау барысында сөйлеу мәдениетін дұрыс жолға қоя білуі назарда ұсталсын.
3. Әрбір педагог педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтауға міндетті екендігі ескертілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Хатшы: Шауыр